

**Онлайн-сервисті («Должник Прав Онлайн») пайдалана отырып, заңгерлік және
консультациялық қызметтерді ақылы көрсетуге арналған
Жария оферта шарты**

Осы құжат «Должник Прав» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (ЖШС) (БСН: 230740019805) (бұдан әрі мәтін бойынша – Орындаушы) ресми ұсынысы (жария офертасы) болып табылады және Орындаушының заңгерлік қызметтер көрсетуінің барлық елеулі талаптарын қамтиды. Көрсетілетін заңгерлік қызметтердің құны:

– консультациялық және заңгерлік қызметтер көрсетуге арналған осы Жария оферта шартының №1 Қосымшасында көрсетілген.

1. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар:

1.1. Онлайн-сервисті («Должник Прав Онлайн») пайдалана отырып, заңгерлік және консультациялық қызметтерді ақылы көрсетуге арналған Жария оферта шарты — Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасында офертаны акцептеу арқылы жасалған, «Должник Прав Онлайн» онлайн-сервисіндегі жеке кабинетті пайдалана отырып, консультациялық және заңгерлік қызметтерді ақылы көрсетуге арналған шарт. Қызметтер, оның ішінде Тапсырыс берушінің үшінші тұлғалармен жасасқан кредиттік шарттары, қарыз шарттары шеңберінде туындаған берешек мәселелері, төлемдер бойынша орын алған мерзімін өткізіп алу жағдайлары және кредиттік ұйымдармен жасалған шарттарды орындамаудың ықтимал құқықтық салдарлары, коллекторлық қызметтермен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішті дайындау мәселелері бойынша көрсетіледі. Оферта Интернет желісінде Орындаушының ресми интернет-ресурсында _____ мекенжайы бойынша жарияланған.

Тараптардың шарттық қатынастарға іс жүзінде кіруіне, оларды жалғастыруға және осы офертада айқындалған міндеттемелерді орындауға әкеп соққан кез келген әрекеттері әрбір Тараптың Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387, 395-баптарының және 397-бабының 4-тармағының ережелерін түсінетінін және ұғынатынын білдіреді.

1.2. Өндіріп алушы / Кредитор - банк, микроқаржы ұйымы, сондай-ақ Тапсырыс берушіден берешекті өндіріп алу тапсырылған кез келген үшінші тұлғалар, оның ішінде талап ету құқығын беру (цессия) шарты шеңберінде әрекет ететін тұлғалар.

1.3. Офертаны акцептеу - Тапсырыс берушінің Шарттың 3.3-тармағында көрсетілген әрекеттерді жасауы арқылы офертаны толық және сөзсіз қабылдауы. Офертаны акцептеу нәтижесінде осы Шарт жасалған болып есептеледі.

1.4. Тапсырыс беруші - Орындаушының ақылы заңгерлік қызметтер көрсетуіне мүдделі және офертаны акцептеген азамат (жеке тұлға).

1.5. Орындаушы - Шарт талаптарына сәйкес заңгерлік қызметтер көрсететін «Должник Прав» ЖШС.

1.6. Оферта - осы «Банкроттықты заңгерлік сүйемелдеуге арналған жария оферта шарты» құжаты.

1.7. Қызметтер көрсету кезеңі - Қызметтер көрсету кезеңі деп осы Шартта және оған қосымшаларда көзделген түпкілікті нәтижеге қол жеткізу мақсатында Орындаушы өзіне байланысты барлық қажетті әрекеттерді жасауға міндеттенетін уақыт аралығы түсініледі.

1.8. «Должник Прав Онлайн» онлайн-сервисі - URL «» сайтында немесе қосымшада компьютер не телефон арқылы заңгерлік және консультациялық қызметтерді алу тәсілі.

2. Шарттың нысанасы және елеулі міндеттемелік талаптар:

2.1. Осы Шарт шеңберінде Орындаушы Тапсырыс берушіге ақылы негізде оның құқықтарын қорғауға байланысты заңгерлік және консультациялық қызметтер көрсетуге міндеттенеді. Аталған қызметтер Тапсырыс берушінің үшінші тұлғалармен жасасқан кредиттік шарттары, қарыз шарттары шеңберінде туындаған берешек мәселелерін, төлемдердің мерзімін өткізіп алу жағдайларын және кредиттік ұйымдармен жасалған шарттарды орындамаудың ықтимал құқықтық салдарларын, коллекторлық қызметтермен өзара іс-қимыл жасауды, сондай-ақ заңнамада көзделген негіздер болған жағдайда Қазақстан Республикасында жеке тұлғаның соттан тыс банкроттық рәсімін қамтиды. Орындаушы Тапсырыс беруші ұсынған мәліметтерді жүйелеуге, оның құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге, сот ісін жүргізу болған жағдайда істің перспективаларын және Тапсырыс берушінің құқықтарын қорғауға бағытталған, жасалуы ықтимал қажетті әрі негізді әрекеттердің болжамды тізбесін айқындауға, сондай-ақ негізді жағдайлар болған кезде жеке тұлғаны соттан тыс тәртіппен төлем қабылетсіз (банкрот) деп тануға қажетті құжаттарды дайындауға міндеттенеді.

2.2. Заңгерлік қызметтер Тапсырыс берушіге «Должник Прав Онлайн» онлайн-сервисі арқылы көрсетіледі. Шарт шеңберіндегі қызметтер кезеңдерге бөлінеді және олар Тапсырыс берушінің Жеке кабинетінде көрсетіледі.

«Должник Прав Онлайн» онлайн-сервисі мыналарды қамтиды:

- Тапсырыс берушімен құжаттар мен файлдарды электрондық түрде алмасу;
- заңгермен чат арқылы, сондай-ақ телефон арқылы заңгерлік консультациялар алу;
- жазбаша заңгерлік консультациялар алу;
- атқарылған жұмыс туралы апта сайынғы есеп алу;
- Тапсырыс берушінің үлгілік құжаттарға және құжаттарды жасау жөніндегі нұсқаулықтарға қол жеткізуі;
- өндіріп алушының әрекеттеріне онлайн шағымдар дайындау;
- құпиялылықты қамтамасыз ету;
- заңгерлік қызметтерге онлайн ақы төлеу.

2.3. Тапсырыс беруші заңгерлік және консультациялық қызметтердің құнын толық көлемде төлеуге міндеттенеді.

2.4. Орындаушы Тапсырыс берушімен келісу бойынша қосымша қызметтер көрсете алады. Егер мұндай қосымша қызметтер, олардың құны және есеп айырысу тәртібі осы Шартта және оған

қосымшаларда көзделмесе, оларды көрсету тәртібі, мерзімдері мен тәсілін Тараптар жеке тәртіппен айқындайды.

Тараптар Тапсырыс беруші мерзімді төлемдерден тыс енгізген, мақсаты анықталмаған немесе Тараптар арасында келісілмеген кез келген төлемдерді Орындаушының нақты мән-жайларды негізге ала отырып, өз пайымдауы бойынша және осы Шартқа қосымшаларда белгіленген қызметтер құнын есептеу тәртібін ескере отырып бөлуге құқылы екендігімен келісті.

2.5. Орындаушы осы Шарт бойынша қызметтер көрсету үшін қажетті барлық тиісті өкілеттіктерге, дағдыларға, білімге, тәжірибеге және біліктілікке ие екендігіне кепілдік береді.

3. Қызметтер көрсету талаптары және ақы төлеу тәртібі:

3.1. Қызметтерге және Орындаушының шығыстарына ақы төлеу Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының валютасында (теңгемен) ақша қаражатын Орындаушының есеп айырысу шотына аударуы арқылы не Орындаушының кассасына қолма-қол ақша енгізу арқылы жүзеге асырылады.

3.2. Осы Шарт шеңберінде Орындаушы көрсететін қызметтердің жалпы құны Тараптармен осы Шарттың №1 Қосымшасында көзделген қызметтердің саны мен мазмұнына қарай айқындалады және қызметтер көрсетіле бастағанға дейін 100% мөлшерінде толық алдын ала төленуге тиіс.

3.3. Тапсырыс берушінің Қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемесі төленуге тиіс сомадағы ақша қаражаты Орындаушының есеп айырысу шотына түскен сәттен бастап немесе қолма-қол ақша Орындаушының кассасына енгізілген сәттен бастап орындалған болып есептеледі.

3.4. Қызметтер Тапсырыс беруші олар үшін осы Шартқа қосымшаларға сәйкес есептелген соманы толық көлемде алдын ала төлеген жағдайда толық көлемде көрсетіледі.

Осы тармақта белгіленген тәртіппен өзгеше ақы төлеу тәртібі Тараптармен қосылу туралы өтініште келісілуі мүмкін. Бұл ретте ақы төлеу тәртібі өзгертілген жағдайда Тараптар осы офертаны акцептеуге бағытталған конклюденттік әрекеттерге қосылу туралы өтініште келісілген тәртіппен ақша қаражатын енгізуді жатқызады.

Тапсырыс берушінің ақы төлемеуі, сондай-ақ төлемді белгіленгеннен аз мөлшерде енгізуі Тараптармен Тапсырыс берушінің Шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындаудан бас тартуы ретінде танылады және осы Шартты бұзуға негіз болып табылады. Тапсырыс беруші Орындаушы осы Шарт шеңберінде ұсынатын онлайн-сервиске (Жеке кабинетке) қолжетімділігін сақтауға бағытталған конклюденттік әрекеттер жасаған жағдайлар бұған жатпайды.

3.5. Тапсырыс беруші «Должник Прав Онлайн» онлайн-сервисін пайдаланғаны үшін мерзімді абоненттік төлемді Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы, Орындаушының кассасына қолма-қол ақша енгізу арқылы немесе өзіне ыңғайлы кез келген қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлейді.

Тапсырыс берушінің үшінші тұлғалардың қызметтеріне ақы төлеуі, сондай-ақ осы Шарт бойынша ақша қаражатын үшінші тұлғалардың банктік деректемелері бойынша аударуы немесе үшінші тұлғалардың кассасына енгізуі Тараптармен абоненттік төлемнің жасалуы ретінде танылмайды.

3.6. Осы Шарт шеңберінде Орындаушының заңгерлік қызметтер көрсетуі мыналарды қамтиды:

- Қазақстан Республикасында жеке тұлғаны банкрот деп тану тәртібіне қатысты ережелерді түсіндіру;

- Тапсырыс беруші ұсынған мәліметтерді жүйелеу, жинақтау және өңдеу;
 - қаралып отырған құқықтық тапсырмаға қатысушылардың құқықтары мен процестік міндеттерін түсіндіру;
 - Тапсырыс беруші ұсынған түсініктемелер, құжаттар мен ақпарат негізінде оның мүлкітік жағдайына талдау жүргізу;
 - сот қарайтын банкроттық туралы іске қатысушылардың процестік құқықтарын түсіндіру;
 - Тапсырыс берушіге құқықтық мәселелер бойынша консультация беру, ұсынылған құжаттар мен түсініктемелерді негізге ала отырып, құқықтары мен мүдделерін қорғаудың ықтимал нысандары мен тәсілдері және (немесе) қойылған міндеттерді шешу нұсқалары туралы мүмкіндігінше толық ақпарат ұсыну;
 - Тапсырыс берушіде тиісті құқықтық мәселелер туындаған жағдайда, олар бойынша ауызша ұсынымдар беру;
 - Тапсырыс берушіге ықтимал тәуекелдер туралы ескерту;
 - - Тапсырыс берушінің кредиттік және өзге де ұйымдармен жасасқан шарттарынан туындаған даулы мәселелерді реттеу мақсатында процестік құжаттар топтамасын әзірлеу және Тапсырыс берушіге жолдау. Аталған топтамаға, оның ішінде: кредиттік ұйымға істердің өкіл арқылы жүргізілетіні туралы хабарлама; кредиттік ұйымнан қажетті құжаттарды ұсыну туралы сұрау салу; үшінші тұлғалардың дербес деректерін өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алу туралы хабарлама; Банктің үстеме пайда алу мақсатында талап қою құқығын теріс пайдалануы туралы хабарлама; цессия шартын жасасу мүмкіндігін қарау туралы ұсынысы бар сұрау салулар; кредиттік міндеттеме бойынша төлемді бөліп төлеу немесе кейінге қалдыру туралы кредиторға өтініш кіреді.
 - сот бұйрығының күшін жою туралы өтінішті, нотариустың атқарушылық жазбасының күшін жою туралы өтінішті, талап қоюға пікірді, апелляциялық шағымды, сырттай шешімнің күшін жою туралы өтінішті дайындау және Тапсырыс берушіге жолдау;
 - өзге де өтінішхаттар мен өтініштерді дайындау және Тапсырыс берушіге жолдау, оның ішінде лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне жоғары тұрған басшылыққа немесе сотқа шағымдар, сондай-ақ коллекторлық ұйымдардың заңсыз әрекеттеріне шағымдар дайындау;
 - соттан тыс банкроттық рәсімінен өту үшін қажетті процестік құжаттарды дайындау;
 - Тапсырыс беруші қайта бағыттаған Кредитордың телефон қоңырауларын қабылдау;
 - Кредиторлармен, ал банкроттық туралы іс қозғалған жағдайда банкроттық туралы іс жүргізуге қатысушылармен Борышкердің мүддесі үшін туындаған берешекті реттеу тәртібі және оны өтеудің заңды тәсілдері жөнінде келіссөздер жүргізу;
- берешекті заңды тәртіппен өтеу жөніндегі бірыңғай ұсынысты қалыптастыруға қатысу және банкроттық рәсіміне қатысушы өзге тұлғалар ұсынған берешекті реттеу мен өтеу нұсқаларының Тапсырыс беруші үшін негізділігі мен орындылығын бағалау.

Көрсетілген барлық қызметтер Тапсырыс берушінің талабы бойынша ғана ұсынылады.

3.7. Тапсырманы орындаудың заңнамада көзделген негіздер бойынша мүмкін болмауы, сондай-ақ мұндай мүмкін еместіктің себептеріне қарамастан сот ісін жүргізуді, оның ішінде банкроттық туралы іс жүргізуді қозғаудың мүмкін болмауы, іс бойынша іс жүргізудің тоқтатылуы, татуласу келісімінің жасалуы, даудың медиация тәртібімен шешуге берілуі, кредитордың немесе

даудың өзге тарапының өз талаптарынан бас тартуы, сот дауына және/немесе банкроттық рәсіміне қатысушы тұлғалардың Тапсырыс беруші алдын ала болжай алмаған процестік әрекеттері, сондай-ақ соттың Тапсырыс берушінің күтулері мен жоспарларына сәйкес келмейтін шешім қабылдауы Орындаушыға қандай да бір мүлдік немесе мүлдік емес талаптар қою үшін дербес негіз болып табылмайды және абоненттік шарт шеңберінде нақты көрсетілген қызметтерді бағалау өлшемшарты болып саналмайды.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері:

4.1. Тапсырыс беруші міндетті:

4.1.1. Жан-жақты әрі негізделген заңгерлік көмек көрсету мақсатында Орындаушыға сұратылған қызметтерге қатысты өзіне белгілі барлық мән-жайларды хабарлауға.

4.1.2. 4.1.2-тармақта белгіленген мерзімдер шегінде қызметтер көрсету үшін қажетті барлық құжаттардың түпнұсқаларын немесе тиісті түрде куәландырылған көшірмелерін Орындаушының қарауына ұсынуға.

4.1.3. Орындаушының Шарт бойынша көрсететін қызметтерін кідіріссіз қабылдауға.

4.1.4. Соттардың кеңселерінен, кредиттік мекемелерден немесе микроқаржы ұйымдарынан және өзге де ұйымдардан алынған құжаттарды алған кезден бастап екі күн ішінде Орындаушыға беруге.

4.1.5. Орындаушы көрсеткен қызметтерге Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ақы төлеуге.

4.1.6. Тапсырыс берушінің талабын орындауға қатысты Орындаушыдан алынған ұсынымдарды (нұсқауларды) орындауға, сондай-ақ Тапсырмаға қатысты кез келген әрекеттерді Орындаушымен міндетті түрде алдын ала келісу арқылы жасауға. Тапсырыс беруші Орындаушымен келіспей жасаған әрекеттердің салдарынан қолайсыз нәтижелер туындаған жағдайда, Орындаушы мұндай салдарлар үшін жауапты болмайды.

4.1.7. Орындаушымен келісу бойынша, Тапсырыс берушінің талабын орындау үшін қажетті шығыстарды, оның ішінде мемлекеттік бажды, жедел пошта қызметтерін және өзге де шығыстарды, егер мұндай шығыстар туындаса, төлеуге.

4.1.8. Қызметтерден бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орындаушыны тиісті түрде жазбаша хабардар етуге.

4.2. Тапсырыс беруші құқылы:

4.2.1. Осы Шарттың 3.4-тармағында көрсетілген заңгерлік қызметтердің толық көлемін алуға.

4.2.2. Осы Шарттың талаптарын өзгертуге немесе осы Шарт бойынша міндеттемелерді тоқтатуға.

4.3. Орындаушы міндетті:

4.3.1. Осы Шартта көзделген «Должник Прав Онлайн» абоненттік онлайн-сервисіне Тапсырыс берушінің тиісті тапсырмасына байланысты Тараптар келіскен көлемде және мерзімдерде қолжетімділікті қамтамасыз етуге.

4.3.2. Осы Шартта айқындалған міндеттемелердің Тапсырыс берушінің мүдделерін қамтамасыз ету қағидатына сәйкес, Тараптар келіскен көлемде және мерзімдерде орындалуын қамтамасыз етуге.

4.3.3. Егер осы Шарттың мақсаттары үшін немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін өзгеше қажет болмаса, Тапсырыс берушінің жеке басына қатысты мәліметтердің, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында алынған ақпараттың, сондай-ақ Тапсырыс беруші және іске қатысушы өзге де тұлғалар ұсынған құжаттардың мазмұнының сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге.

4.3.4. Тапсырыс беруші қайта бағыттаған Кредитордың телефон қоңырауларын қабылдауға.

4.3.5. Егер өзгеше келісілмесе, Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша қосымша ақыға процестік өкілдікті жүзеге асыруға, сондай-ақ оның үшінші тұлғалармен қатынастарында мүдделерін білдіруге.

4.4. Орындаушы құқылы:

4.4.1. Адалдық және сақтық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтердің көлемі мен тәсілін дербес айқындауға.

4.4.2. Тапсырыс берушіден қажетті ақпаратты, сондай-ақ анықталған немесе анықталуға жататын мән-жайларды растайтын құжаттарды талап етуге.

Тараптар Тапсырыс беруші тиісті құжаттың түпнұсқасын немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен куәландырылған көшірмесін ұсынуға дайын болмаған жағдайда, Орындаушының осы Шарт шеңберінде кейіннен пайдалану мақсатында мұндай құжаттың көшірмесін қабылдаудан бас тартуға құқылы екендігін жеке келіседі. Аталған көшірменің қабылданбауынан туындайтын салдарлардың тәуекелі Тапсырыс берушіге жүктеледі.

4.4.3. Тапсырыс берушінің Тапсырмасын орындау үшін үшінші тұлғаларды біржақты тәртіппен тартуға.

4.4.4. Қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында Тапсырыс беруші Орындаушыға жүгінген кезде, сондай-ақ Орындаушы Тапсырыс берушіге консультация берген кезде телефон арқылы жүргізілген сөйлесулерді жазып алуға және мұндай жазбаларды тиісті жүгіну фактісін растау үшін пайдалануға.

5. Шарттың қолданылу мерзімі:

5.1. Шарт Интернет-ресурста жарияланған сәттен бастап қолданылады және Тапсырыс беруші офертаны акцептеген сәттен бастап күшіне енеді. Шарт Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады, бұған Тапсырыс берушінің кезекті мерзімді төлемді төлеуден бас тартқан жағдайлары кірмейді.

6. Қосымша талаптар:

6.1. Осы Шарттың Тарабы Шарт талаптарының бұзылуы еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажордың) әсерінен туындаған жағдайда мұндай бұзушылық үшін жауапты болмайды. Аталған мән-жайларға, бірақ олармен шектелмей, мемлекеттік билік органдарының әрекеттері, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, өзге де табиғи апаттар, электр энергиясының болмауы және/немесе компьютерлік желінің жұмысындағы іркілістер, ереуілдер, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер,

сондай-ақ осы Шарт талаптарының орындалуына әсер етуі мүмкін өзге де кез келген мән-жайлар жатады.

6.2. Тараптар қызметтердің тек қашықтан көрсетілетінін және Орындаушының кеңестерге, кездесулерге немесе тапсырманы орындаудың өзге де бетпе-бет нысандарына тікелей қатысуын көздемейтінін жеке келіседі. Қызметтер заңдық маңызы бар хабарламаларды жіберу және электрондық пошта арқылы құжаттар алмасу жолымен көрсетіледі.

6.3. Тараптар Орындаушының сайтындағы арнайы жеке кабинет, телефон, электрондық пошта және электрондық байланыс құралдары (мессенджерлер) арқылы құжаттар алмасуды және байланыс жасауды тиісті тәсіл деп таниды. Тапсырыс беруші Орындаушының сайтындағы жеке кабинетке келіп түскен хабарламаларды тексеруге міндетті.

6.4. Тапсырыс беруші кредитордың кепілге қойылған мүлікке өндіріп алуды қолдануына (оны өткізуге / кредитордың балансына беруге), оның ішінде ипотекаға сатып алынған мүлікке қатысты, сондай-ақ Тапсырыс берушінің кредит бойынша төлемдерді жүзеге асыра алмауына байланысты туындайтын барлық ықтимал тәуекелдерді түсінеді, ұғынады және өзіне қабылдайды. Орындаушы Тапсырыс берушінің кепілге қойылған мүлігінің, оның ішінде ипотекаға сатып алынған мүлігінің сақталуына қатысты қандай да бір нысанда уәде немесе кепілдік бермейді.

6.5. Тапсырыс берушіге Орындаушы тарапынан «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңға және «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңға сәйкес кредитордың кепілге қойылған мүлікке, оның ішінде жылжымайтын мүлікке өндіріп алуды қолдану тәуекелі түсіндірілді. Тапсырыс беруші Орындаушыға жұмыс жүргізу үшін берген кредиттік шарттар (қарыз шарттары) бойынша кредиттік міндеттемелерге байланысты кредитордың кепілге қойылған мүлікке өндіріп алуды қолдануы үшін жауапты болмайды.

6.6. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады. Барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың келіссөздері арқылы шешіледі. Келіссөздер арқылы реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге жатады.

6.7. Тараптар көрсетілетін заңгерлік қызметтердің материалдық нәтижеге әкелмеуі мүмкін екенін түсінеді.

7. Орындаушының мекенжайы мен деректемелері:

«Должник прав» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Заңды мекенжайы: 050031, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қалдаяқов көшесі, 30-үй, 5-қабат

БСН (ЖСН): 230740019805

Банк: «Kaspi Bank» АҚ

БЕК: 17

БСК: CASPKZKA

Шот нөмірі: KZ34722S000029776484

Мен, төменде қол қоюшы, Шартпен және оған қосымшалармен танысқанымды, олармен келісетінімді және олардың данасын алғанымды растаймын:

_____/_____/_____
Тегі, аты, әкесінің аты Тапсырыс берушінің қолы күні

«Должник Прав Онлайн» онлайн-сервисін пайдалана отырып,
консультациялық және заңгерлік қызметтерді
ақылы көрсетуге арналған Жария оферта шартына
№1 Қосымша

ҚЫЗМЕТТЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТАЛАПТАРЫ

Орындаушының қызметтеріне ақы Тапсырыс беруші тарапынан осы Қызметтерге ақы төлеу талаптарында белгіленген мерзімдерде және мөлшерде төленеді.

1. Жеке тұлғаның соттан тыс банкроттық рәсімін сүйемелдеу қызметтерінің тарифтері

Берешек сомасы	Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша мерзімі өткен төлемдер кезеңі 9 айдан аз.	Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша мерзімі өткен төлемдер кезеңі 9 айдан асады	Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша мерзімі өткен төлемдер кезеңі 5 жылдан асады
5 млн ₸-ден астам	Айына 80 000 ₸ × 12 ай (960 000 ₸) 100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 910 000 ₸	Айына 100 000 ₸ × 6 ай (600 000 ₸) 100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 550 000 ₸	Айына 150 000 ₸ × 3 ай (450 000 ₸) 100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 420 000 ₸

Берешек сомасы	Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша мерзімі өткен төлемдер кезеңі 9 айдан аз.	Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша мерзімі өткен төлемдер кезеңі 9 айдан асады	Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша мерзімі өткен төлемдер кезеңі 5 жылдан асады
2 млн ₸-ден 5 млн ₸-ге дейін	Айына 70 000 ₸ × 12 ай (840 000 ₸) 100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 760 000 ₸	Айына 90 000 ₸ × 6 ай (540 000 ₸) 100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 500 000 ₸	Айына 100 000 ₸ × 3 ай (300 000 ₸) 100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 270 000 ₸
2 млн ₸-ден аз	Айына 45 000 ₸ × 12 ай (540 000 ₸) 100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 500 000 ₸	Айына 45 000 ₸ × 6 ай (270 000 ₸) 100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 240 000 ₸	Көзделмеген

2. «Қаржылық қорғау» қызметінің тарифі

Қызмет	Құны
«Қаржылық қорғау» бағдарламасы шеңберінде кредиттік шарттарды (қарыз шарттарын) заңгерлік сүйемелдеу қызметтері	Айына 60 000 ₸ × 10 ай Барлығы: 600 000 ₸ 100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 570 000 ₸

3. Біржолғы заңгерлік қызметтердің тарифі (абоненттік шарттан тыс)

Қызмет	Құны
Біржолғы консультация, бір құжатты, шағымды, өтінішхатты және т.б. дайындау (бір шарт / бір өтініш бойынша)	30 000 ₸

Жеңілдіктер мен арнайы талаптар	
1.	I немесе II топтағы мүгедектігі құжатпен расталған азаматтарға таңдалған тарифке 10%-ға дейін жеңілдік беріледі.
2.	Ерлі-зайыптылармен бір күнтізбелік ай ішінде шарттар жасалған жағдайда, әрбір клиентке 10%-ға дейін жеңілдік беріледі.
Жеңілдіктер, акциялар және арнайы ұсыныстар өзара қосылмайды және тек бір негіз бойынша ғана қолданылады.	

Заңгерлік қызметтерге ақы төлеу талаптарымен таныстым:

Т.А.Ә.: _____ Қолы: _____